

«ДҮНИЕЖҮЗІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ» СЕКЦИЯСЫ

СЕКЦИЯ «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ВСЕМИРНОЙ ИСТОРИИ И МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ»

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕАЭО ШЕҢБЕРІНДЕГІ ӘРІПТЕСТІКТІ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Абдикаликов А.Ф., магистрант

(Ғылыми жетекшісі: PhD, қауымдастырылған профессор Кенжеғали Ж.М.)

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды қ., Қазақстан

Азық-түлік мәселесі адамзат алдында тұрған мәселелердің ішінде өзекті проблемалардың өзектісі болып қала бермек. Қазақстан Республикасы үшін халықты тұрақты азық-түлікпен қамтамасыз ету әлемдік дамудың аса маңызды құрамдас бөлігі болып қала береді және әлемдегі кез келген мемлекет сияқты экономикалық және әлеуметтік саясатының басымдықтарының бірі азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру болып табылады. Осыған байланысты өңірдегі және елдегі тұрақтылық үшін ЕАЭО шеңберіндегі ынтымақтастық, сондай-ақ азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің әлемдік практикасын зерделеу жөніндегі мәселелер бүгінгі күні өзекті болып табылады. Шет елдердің тәжірибесін қарастыра отырып, біз Қазақстан үшін ауыл шаруашылығы шикізаты мен азық-түлігін өндіру шеңберінде практикалық пайдаланудың жоғары тиімділігі және ішкі және сыртқы азық-түлік нарықтарының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін шетелдік аграрлық саясаттың жекелеген құралдарын назарға алуға жақсы мүмкіндігіміз бар.

Қазіргі жағдайда азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету дүниежүзілік қоғамдастық тарапынан басты міндет ретінде қарастырылуда. 2014-2016 жж. дүние жүзінде 795 миллионға жуық адам аштыққа душар болған, яғни әрбір тоғыз адамның бірі аштыққа ұшыраған, оның 90 миллионы бес жасқа дейінгі балалар. Дүниежүзілік азық-түлік жүйесінің дамуының жаһандық тенденциялары мен факторларын зерттеу оның ұзақ мерзімді перспективада ресурстардың қалыптасу жағдайларының тапшылығы мен нашарлау режимінде жұмыс істейтінін көрсетеді. Азық-түлікпен жеткіліксіз қамтамасыз ету және теңгерімсіз тамақтану адамдардың орташа өмір сүру ұзақтығының көрсеткіштеріне, олардың денсаулығына, физикалық жұмысқа қабілеттілігіне, ауруларға төзімділігіне, және өмір салтына бейімделуіне теріс әсер етеді [1, 2 б.].

Әлемдік нарықтың тенденцияларын ескере отырып Еуразиялық экономикалық одақ аумағында агроазық-түлік нарықтарының интеграциясын Одаққа мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің тиімділігін, халықтың кірістерін және экономикасын арттырудың маңызды факторы ретінде қарастыруға болады. Қазіргі жағдайда Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін келісілген агроөнеркәсіптік саясатты қалыптастыру объективті қажеттілік және аса маңызды міндет болып табылады [1, 2 б.].

Осыған байланысты одақ деңгейінде азық-түлік қауіпсіздігін бағалау саласындағы бағыттарды, реттеу шараларын және ортақ тәсілдерді айқындаған жөн. Осы саладағы жүйелі көзқарас ЕАЭО елдеріне ұлттық азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп-қатерлерді дер кезінде анықтауға, оларды алдын алуға және оларға қарсы іс-қимыл жасауға мүмкіндік береді [2].

Одаққа мүше мемлекеттердің ұжымдық азық-түлік қауіпсіздігі тұжырымдамасының негізгі ережелері 2014 ж. 29 мамырдағы ЕАЭО туралы шартта көзделген қағидаттар мен бағыттарға, Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістікке мүше мемлекеттердің

келісілген агроөнеркәсіптік саясатының тұжырымдамасына негізделеді және мүше мемлекеттердің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұлттық стратегияларын ескереді. Тұжырымдама мүше мемлекеттердің ұжымдық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негіздерін, қағидаттарын, мақсаттары мен міндеттерін, ЕАЭО елдерінің азық-түлік қауіпсіздігінің ағымдағы жай-күйін, оны бағалау әдістемесін, мүше мемлекеттердің ұжымдық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі басым бағыттар мен шараларды, тұжырымдама ережелерін іске асырудың ұйымдастырушылық тетігін қамтиды. Мүше мемлекеттер ұлттық аграрлық азық-түлік кешені мен нарықтың орнықты дамуын қамтамасыз ете отырып, Одақтың ұжымдық азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға жәрдемдеседі. Бұл ретте ЕАЭО елдерінде ауыл шаруашылығы шикізаты мен азық-түлік өндірісін дамыту бағыттары Одақтың ішкі нарықтарының теңгерімді жұмыс істеуіне, тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін, үшінші елдермен өзара сауда мен сауданың тиімділігін арттыруға ықпал етеді [3].

В.И. Добросоцкийдің монографиясында «ынтымақтастықтың инновациялық саласын дамыту мемлекетаралық ғылыми-техникалық және инновациялық бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға негізделеді. ЕАЭО-қа қатысушы мемлекеттердің ортақ аграрлық нарық саласындағы практикалық қызметін үйлестіретін аса маңызды басқарушылық буын ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің АӨК басшыларынан тұратын агроөнеркәсіптік саясат жөніндегі кеңес болып табылады. Бұл үкіметаралық орган ЕАЭО аграрлық нарығының Одақтық заңнамасы мен құқықтық базасын әзірлеп қана қоймай, ЕАЭО-на мүше барлық мемлекеттер үшін міндетті бірыңғай аграрлық саясатты іске асырудың тетіктері мен құралдарын да қалыптастырады» [4, 18 б.].

Сондай-ақ, автордың пікірінше, ЕАЭО ауыл шаруашылығы нарығының инновациялық дамуы адам капиталының сапасына тікелей байланысты. Қазіргі заманғы аймақтық саясатты қалыптастырудың тәсілдері адами капиталды дамытуға бағытталған. Қазіргі әлемде адам капиталы оның дамуы үшін материалдық және рухани игіліктің қалыптасуын талап ететін ең нәзік экономикалық және психологиялық субстанция болып табылады. Еңбек ресурстарының қозғалысын қамтамасыз ететін жаһандану және ашықтық жағдайында адам өзінің дамуы, тұрақты, сапалы әлеуметтік қызметтер мен қоғамнан пайда алу үшін ең жақсы нұсқаларды таңдайды. Сонымен қатар, ауылдық жерлерде тұратын азаматтардың неғұрлым осал санаттарына қатысты негізгі әлеуметтік міндеттемелердің тасымалдаушысы болып табылатын ЕАЭО-ның өңірлік билігі адами капиталды дамыту үшін маңызды ресурсына ие. Ауылдағы адам дамуын қолдаудың әлеуметтік жүйесін дамытудағы қателіктер ел экономикасы үшін ғана емес, сонымен қатар оның азық-түлік қауіпсіздігі үшін де үлкен қауіп-қатерге ие. Осыған байланысты, жаңа жағдайларда жұмыс істеуге қабілетті инновациялық адами капиталды дайындау үшін ауылда білім берудің барлық сатыларындағы прогресті қазіргі уақытта енгізу қажет [4, 25 б.].

Еуразиялық экономикалық одақтағы Қазақстанның азық-түлік тәуелсіздігі мәселелеріне арналған еңбегінде бірыңғай аграрлық саясатты әзірлеу және іске асыру инвестициялық жобаларға салынатын қаражаттың тиімділігін, ауыл шаруашылығы шикізаты мен азық-түлік өндірісінің көлемін ұлғайтуды қамтамасыз ету қажеттіліктері аталып кетеді. Жаһандану және әлемдік азық-түлік нарықтарындағы бәсекелестіктің өсуі жағдайында және ЕАЭО-ға кіретін елдердің тауар өндірушілері үшін тәуекелдер туғызбау мақсатында үйлестірілген экспорттық ағындарды қалыптастыру үшін ішкі нарықтардың теңгерімділігін қамтамасыз ететін экономикалық құралдарды дамыту қажет.

Сондай-ақ, жаңа кәсіпорындар салу және жұмыс істеп тұрған өндіріс орындарын жаңғырту үшін шетел инвестициясын тарту әдеттегі экономикалық тәжірибеге айналды. Бұл көрсеткіш бойынша Қазақстан көш бастап тұрғанын атап өту керек. Өзара инвестицияларды ұлғайту өнеркәсіптік кооперацияны дамытуға, ғылыми-техникалық ынтымақтастықты нығайтуға, азық-түлік нарығындағы тауар айналымын арттыруға қажетті алғышарттарды жасайды, бұл сайып келгенде интеграциялық бірлестікте орталықтандырылған тенденциялардың қалыптасуын қамтамасыз етеді [5, 130 б.].

Қазақстанда азық-түлікті өндіру мен тұтынудың жағдайы бір қалыпты болып, айтарлықтай әлеуетке ие болса да, өкінішке орай, көбінесе импортқа тәуелді. Егер біз жалпы ЕАЭО-ның жұмыс істейтін өңірі туралы айтатын болсақ, онда Еуразиялық экономикалық одақтағы азық-түлік тәуелсіздігінің деңгейі аса маңызды азық-түлік өнімдерінің көпшілігі бойынша бүгінгі күні импорт елеулі түрде басып озады. 2013 ж. азық-түлік тауарлары мен ауыл шаруашылығы шикізатының сыртқы саудасын талдау БЭК-ке (Бірыңғай экономикалық кеңістік) мүше мемлекеттердің аграрлық азық-түлік нарығы ресурстарының едәуір бөлігі импорт есебінен қалыптасатынын көрсетеді. Импорттың негізгі көлемі сүт, ет және жеміс-көкөніс өнімдеріне, алкогольді және алкогольсіз сусындар мен балыққа тиесілі. Бұл жағдай ресурстарды қалыптастыру жағына қарай өзгеріп, ЕАЭО мен қатысушы елдердің қалыптастырылып жатқан аграрлық саясатының түйінді басымдығына айналуға тиіс.

Дегенмен, жоғарыда көрсетілген импортқа тәуелділікке қарамастан одаққа мүше мемлекеттердің агроөнеркәсіптік кешендерінің дамуы оң динамиканы көрсетуде. А.Е. Беделбаева бастаған авторлардың бірлескен мақаласында 2012 ж. бастап 2020 ж. дейінгі кезеңде ауыл шаруашылығы өнімін өндіру көлемінің өсімі 19,1% құрағанын көрсетеді. 2020 ж. Қазақстанда 1,6 трлн теңге сомаға азық-түлік өнімдері өндірілді, бұл 2019 ж. көрсеткіштерге қарағанда 17,5%-ға артық. Нақты мәнде 2020 жылы өндіріс көлемі 2019 жылмен салыстырғанда 3,4%-ға өсті [6, 26 б.].

Алайда өнім өндіру көлемінің өсуімен қатар бағаның қымбаттауы да байқалды. 2020 жылы Қазақстанда азық-түлік өнімдеріне баға 2019 жылмен салыстырғанда 10,8%-ға қымбаттады. Атап айтқанда, жұмыртқа 18,8%-ға, жемістер мен көкөністер 13%-ға, нан-тоқаш өнімдері мен жармалар 12%-ға, майлар 12%-ға, балық және теңіз өнімдері 10,9%-ға, ет өнімдері 9,5%-ға, сүт өнімдері 9,1%-ға, қант, джем, бал, шоколад, кондитерлік өнімдер 9,1%-ға өсті [6, 27 б.].

М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің ақпараттық-аналитикалық орталығының «ia-cent.ru» сайтында жарияланған ЕАЭО-ның іске асырылмаған аграрлық әлеуеті туралы мақаласында Э.Полетаев Қазақстанда агроиндустрияның дамуына жоғары көңіл бөлетінін, сондай-ақ органикалық және экологиялық таза өнім өндіру үшін елеулі әлеуетке ие екенін, ал халықаралық аланда дипломаттар өнім экспортын ілгерілететінін және АӨК-ге инвестициялар тартатынын ескерсек, мұндай көрсеткіштер күтілген жағдай деп айтады. Қазақстанда ауыл шаруашылығын инвестициялық қолдау жылдан жылға өсіп келеді. 2019 жылдың қаңтар-тамыз айларында негізгі капиталға салынған инвестициялар 263,7 млрд теңгені құрады. АӨК дамытудың басымдықтары жаңа технологияларды енгізу мен ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу арқылы, оның ішінде одан әрі экспорттау үшін өнімділікті арттыру болып табылады. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы өнімдерінің саудасы мен шетелдік инвестицияларды тарту саласында Қазақстанның бәсекелестік артықшылықтары бар екенін жазады. Қазақстан тауарлардың, қызметтердің, капиталдың және жұмыс күшінің еркін қозғалысы қағидаттары негізінде құрылған, сондай-ақ экономиканың әртүрлі салаларында келісілген, дәйекті саясат жүргізетін ЕАЭО-ның мүшесі болып табылады. Қазақстанның ЕАЭО-ға мүшелігі инвесторларға Одақтың ортақ нарығына шығуға мүмкіндік береді. ЕАЭО-ның Еуропа, Таяу Шығыс, Оңтүстік-Шығыс және Оңтүстік Азия елдерімен серіктестік мүмкіндіктері бар. Қазірдің өзінде Вьетнаммен еркін сауда туралы келісім жасалып, Сингапур және Сербиямен еркін сауда аймағын құру туралы келісімге қол қойылды. Сондай-ақ ЕАЭО мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім күшіне енді [7].

Қазақстан Республикасындағы азық-түліктің қоры халықтың қажеттіліктерін қамтуға мүмкіндіктер жасайды. Соннымен бірге бүгінде мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2021 ж. қазанында ЕАЭО Жоғарғы экономикалық кеңес отырысында «ЕАЭО елдерінің нарықтары азық-түлік тауарларына өсіп келе жатқан әлемдік бағалардың қысымын сезініп отыр, проблеманың өткірлігі өсе береді» атап кеткен болатын. Қазіргі уақытта Украинада орын алып отырған жағдай және АҚШ пен Еуропа мемлекеттері тарапынан Ресейге қатысты салынып отырған санкциялар Еуразиялық экономикалық одаққа мүше Қазақстанның

экономикасын айналып өтпейтіндігі белгілі. Оған 2022 ж. наурыз айында орын алған қант және өзге де халықтың тұтыныс өнімдерінің күрт қымбаттауын мысал ретінде атап өтуге болады.

Осы орайда, ЕАЭО жағдайында азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз мақсатында Одаққа мүше мемлекеттердің ұжымдық азық-түлік қауіпсіздігі саясатын, ұжымдық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нақты шаралар кешенін әзірлеген жөн. ЕАЭО мүше елдерінің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағыты АӨК саласында, бұдан да терең интеграциялық үдерістерге айналуы қажет. Ал ЕАЭО елдерінің азық-түлік қауіпсіздігінің негізі халықаралық стратегиялық серіктестіктер болуы мүмкін, оларды қалыптастыру, Одақ елдерінің экономикалық саясатын іске асырудың негізгі міндетіне айналуы тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Роль науки, технологий и инноваций в обеспечении продовольственной безопасности к 2030 году. Комиссия по науке и технике в целях развития // Экономический и Социальный Совет ООН. - [Электронный ресурс] – Женева, 2017. – 26 с. - Қол жетімділік тәртібі: https://unctad.org/system/files/official-document/ecn162017d3_ru.pdf

2. Мониторинг продовольственной безопасности ЕАЭС: 2014 // Евразийская экономическая комиссия [Электронный ресурс] – Москва, 2015. – 35 с. – Қол жетімділік тәртібі: http://www.eurasiancommission.org/ru/act/prom_i_agroprom/dep_agroprom/monitoring/Documents/Мониторинг%20продовольственной%20безопасности%20Союза%202014.pdf

3. Концепция коллективной продовольственной безопасности государств-членов евразийского экономического союза // Проект ЕАЭС [Электронный ресурс] - Қол жетімділік тәртібі: https://docs.eaeunion.org/pd/ru-ru/0123907/pd_28062019_att.pdf

4. Добросоцкий В.И. Обеспечение продовольственной безопасности в странах Евразийского экономического союза: мировой и региональные аспекты: монография [Электронный ресурс] – Москва: Одинцовский филиал МГИМО, 2019. – 128 с. Қол жетімділік тәртібі: [https://mgimo.ru/upload/iblock/8bf/Монография_pravka%2019-12-19%20\(1\).pdf](https://mgimo.ru/upload/iblock/8bf/Монография_pravka%2019-12-19%20(1).pdf)

5. Даулетбаков Б., Сағымбеков Д.А. Вопросы продовольственной независимости Казахстана в евразийском экономическом Союзе // Сельскохозяйственные науки и агропромышленный комплекс на рубеже веков. – Алматы, 2015. – № 12. – С. 127-131.

6. Беделбаева А.Е., Шарипов А.К., Досумова Ж.С. ЕАЭО жағдайында Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету // Аграрлық нарық проблемалары [Электронды ресурс] – Алматы, 2021. – № 3. – С. 24-30. - Қол жетімділік тәртібі: <https://www.jprkazniiapk.kz/jour/article/view/596/452>

7. Полетаев Э. Нереализованный аграрный потенциал ЕАЭС [Электронный ресурс] . – 2019 - Қол жетімділік тәртібі: <https://ia-centr.ru/experts/eduard-poletaev/nerealizovannyu-agrarnyy-potentsial-eaes/>

COVID-19 ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ШЕШУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдикаликов А.Ф., магистрант

(Ғылыми жетекшісі: PhD, қауымдастырылған профессор **Кенжеғали Ж.М.**)

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекеттің жалпы экономикалық саясатында маңызды орын алады және халықтың өмір сүру деңгейі сияқты маңызды көрсеткіштерге әсер етеді. Осылайша, халықтың тамақтану деңгейі тұтастай алғанда елдің